

Газбен өзара алмасу бойынша жүзеге асырылатын мәмілелердің бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 900 Қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңының 10-бабы 10-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғамын құрудағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1 . М ы н а л а р :

1) Өзбекстан Республикасы Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін өзбек газының және Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін ресей газының тең көлемін қарсы жеткізу жолымен Қазақстан Республикасының ішкі нарығын 2012 жылы газбен қамтамасыз ету үшін «ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Газпром» ашық акционерлік қоғамы уәкілеттік берген «GAZPROMSchweizAG» ұйымымен жасасатын мәмілелер бойынша газдың бағасы Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясы DAP шартымен 3 951,5 миллион текше метрге дейін көлемдегі Қарашығанақ кен орнының өңделген газына – 1000 текше метрі үшін 85 АҚШ доллары;

2) Түркіменстан Республикасы Өзбекстан Республикасы шекарасына, «Багтыярлык» газ өлшеу станциясы, жеткізілетін түркімен газының тең көлемін қарсы жеткізу жолымен Қазақстан Республикасының ішкі нарығын 2012 жылы газбен қамтамасыз ету үшін «ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Газпром» ашық акционерлік қоғамымен және/немесе оның уәкілетті ұйымымен жасасатын мәмілелер бойынша газдың бағасы Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясы DAP шартымен 500 миллион текше метрге дейін көлемдегі Қарашығанақ кен орнының өңделген газына – 1000 текше метрі үшін 105 АҚШ доллары болып белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК